

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

5. ПСИХОЛОГИЯ ЗДОРОВЬЯ И СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ В РЕШЕНИИ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ПРОБЛЕМ ОБЩЕСТВА

ӘОЖ 159.972

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ДЕНСАУЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Албытова Назымгүл Пышақбайқызы

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, п.ғ.к.
nalbytova@mail.ru

Ахмиева Альмира Зуфарқызы

almira_zhan-96@mail.ru

7М01103 «Педагогика және психология» мамандығының 1-курс
магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-
Сұлтан, Қазақстан.

Денсаулық - қоғам дамуын айқындайтын көрсеткіштің бірі. Жаһандық дағдарыс жағдайы (экономикалық, экологиялық, демографиялық, этникалық және моральдық) және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қарқынды өзгерістер денсаулыққа жәйсіз әсер етеді. Мәселен, үнемі ой үстінде болу, стресстік жағдайда жұмыс істеу эмоционалды күйзелістерге, есте сақтаудың нашарлауына, зейіннің тұрақсыздығына, соның салдарынан өнімділіктің төмендеуіне және нәтижесінде кәсіптік аурулар санының артуына алып келеді.

Қазақстан Республикасының 2050 стратегиялық бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, ҚР-ның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында халық денсаулығын сақтау, нығайту мәселесі мемлекеттің маңызды саяси, әлеуметтік міндеттеріне жататындығы ескеріліп, біршама жұмыстар атқарылуда.

Заманауи мектеп педагогтің білім деңгейіне, кәсіби құзыреттілігіне, психологиялық-педагогикалық іскерліктері мен дағдыларына, сондай-ақ жеке ерекшеліктеріне қатаң талаптар қояды. Осыдан педагогикалық қызметте маманның кәсіби денсаулығын қамтамасыз ету мәселесіне назар аудару қажеттігі туындайды. Ал, кәсіби қызмет - адам өмірінің маңызды құрамдас бөлігі.

Дені сау адам болып, жұмысқа қабілетті және қоғамның белсенді мүшесі ретінде физикалық және шығармашылық күштері үйлесімді дамыған жағдайда саналады.

Бастапқыда қызметкерлердің денсаулығын қолдауға байланысты мәселе еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру (НОТ) ретінде қарастырылды.

Оның негізін салушы американдық инженер Ф.Тейлор сол уақыттағы "экономикалық адам" концепциясын негізге алып, жұмысшыны өндірістік процестің элементі ретінде қараған болатын. Ал ХХ ғасырдың басында Англияда кәсіби денсаулық жағдайы белсенді талқылана басталды. Мәселен, Ф.Уоттс жоғары сапалы қызмет ету үшін жұмысшылардың рухани және дене күшінің дамуына жағдай жасауға, бос уақытын ұйымдастыруға аса көңіл бөлді. Кеңестік кезеңде кәсіби денсаулық тақырыбы түрлі мамандық иелеріне қатысты психология саласында (В.М.Бехтерев, Ю.В.Варданян, Э.Ф.Зеера, Е.М.Иванов, В.М.Карвасарский, В.Н.Мясищев) кеңінен зерттелді [1].

В.М.Бехтерев еңбек адамының тұлғалық дамуына, еңбек гигиенасын сақтау мен денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды әзірледі.

В.П.Кашкадамов жұмыс істейтін адамның денсаулығы оның жалпы өмір сүру тәртібіне, дұрыс тамақтануына, тиісті тұрмыс жағдайларына, атқаратын кәсіби қызмет мазмұнына байланысты болатындығын айтты.

В.А.Пономаренко кәсіби денсаулықты қызметтің кез келген жағдайында ағзаның кәсіби сенімділік пен жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін қажетті компенсаторлық және қорғау механизмдерін сақтау қасиеті ретінде қарастырады. Анықтамада функционалдық жағдайға аса мән беріледі, себебі маман неғұрлым функционалдық жағынан мықты болса, соғұрлым кәсіби тұрғыда қабілеттілігінің көрсеткіші деп танылды. [2].

А.Г. Маклаков кәсіби денсаулық – бұл кәсіби қызмет талаптарына жауап беретін және оның жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін маман денсаулығының белгілі бір деңгейі деп санайды [3].

Көптеген психологиялық, медициналық, әлеуметтанушылық зерттеулерде (Г.С.Абрамова, Е.В.Броздовская, М.Г.Березина, Л.И.Вассерман, Л.П.Вашлаева, Н.А.Литвинова, Т.В.Сущенко, Ю.А.Юдчиц кәсіби топ ретінде педагогикалық қызмет физикалық және психикалық денсаулық жағынан өте төмен көрсеткіш көрсеткен [4].

Л. М. Митина кәсіби денсаулық проблемасы маңыздылығы жағынан ұлт денсаулығын қорғаудың жалпы концепциясы контекстінде қарастыру керек деген пікірде. Сонымен қатар, автор педагогтің кәсіби денсаулығы — заманауи білім беру мекемесінің нәтижелі жұмысының негізі және оның стратегиялық проблемасы екендігін атап айтады [5]. Жалпы, педагогтің денсаулығын әлеуметтік құндылық ретінде қарастыруға тұрарлық, өйткені ол белгілі бір кәсіби топтағы адамның денсаулығының жай-күйін ғана емес, сонымен қатар дені сау ұрпақты тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады.

Педагогтің денсаулық проблемасын қарастырғанда оның өзіне тән ерекшеліктері болатындығын байқауға болады. Мұнда мұғалімдердің өз денсаулығына қалай қарайтындығына назар аударуға тұрарлық. Мәселен, олардың салауатты өмір салтын ұстану дәрежесі, жоғары температурамен жұмыста жүру, ауырған жағдайда толық емделмей тұрып жұмысқа шығуы және «науқас мұғалім денсаулығы мықты білім алушыны тәрбиелей алмайды» деген қағиданы ескермеуі жиі кездеседі.

Мұғалімдердің жұмысқа шығуға ұмтылуының негізгі себебі олардың қызметіне деген жоғары жауапкершілігі, өз сабақтарын басқа мұғалімдерге жүктеуден туындайтын ыңғайсыздық, оқушылардың білім сапасының төмендеп кетуіне қатты қобалжуы. Сонымен қатар әрдайым жұмысқа бару дағдысының қалыптасып кетуі мен мектептің жай-күйіне алаңдаушылық және «ауруға оңай берілуге болмайды» деген түсініктің орын алуы.

Мұғалім – оқу-тәрбие үдерісіндегі білім тасымалдаушы және денсаулыққа барабар мінез-құлық, салауатты өмір салты мен қарым-қатынас үлгісі боларлық басты тұлға. Арнайы жүргізілген зерттеулердің бірінде мұғалімнің кәсіби денсаулығы оның тұрақты жоғары кәсіби деңгейін сақтап қалуымен және нәтижелі еңбегімен сипатталатындығы, кейбіреулерінде педагогикалық қызметте көбінесе мұғалімнің денсаулығы оның өз іс-әрекетін, пікірі мен эмоцияларын үйлестіре алатынына ғана емес, сонымен қатар физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатының жағдайына да байланысты болатындығы анықталған.

Ұзақ жылдар бойы осы мәселемен айналысқан танымал ғалым А.А.Печеркина педагогтердің кәсіби денсаулығына «кәсіптік қызметтің барлық кезеңдерінде ағзаның эмоциялық, когнитивті, мотивациялық, рефлексивті, реттеуші механизмдерді сақтауға және белсендіруге қабілетті жағдайын сезінуі» деген анықтама береді [6].

Көбіне педагогтер өздерінің шаршап-шалдығу, салғырт көңіл-күйде болатындықтарын, апатия, неврозды жиі сезетіндіктерін айтса, зерттеу кезінде педагогтердің жұмыс өтілінің көп немесе аздығына қарамастан, олардың адамға деген позитивті қатынасының төмендігі, қызметке деген немқұрайлылық пен мансаптық көтерілуге ынтасыздық, шыдамсыздық, сенімсіздік сияқты мінез-құлық компоненттері айқын көрінетіндігі анықталған. Әрине, бұл педагогтің денсаулығына кері әсер ететін – кәсіби күйреу көрсеткіштері болып табылады.

Кәсіби күйреу синдромы байқалғанда мұғалім әлеуметтік ортадан шеттеліп, оқушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескермей, білім алушыны өз қалпында қабылдай алмайды да «педагог-оқушы» қатынасы дұрыс құрылмайды.

Тәжірибеде педагогтердің кәсіби тұрғыдан күйреуіне әсер ететін келесі факторларды жиі кездестіруге болады:

- орындалған жұмысқа кеткен энергия мен оны төлеу арасындағы сәйкессіздіктер;
- мұғалімнің үздіксіз қарқынды психоэмоционалды белсенділігі;
- үйде жұмыс істеу уақытының ұлғаюы;
- жұмыста жағымды мотивацияның азаюы;
- мекеме қызметін ұйымдастырудағы келеңсіздіктер (басқару стилі, ұжымдағы психологиялық атмосфера және т.б.);
- оқушылардың психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қиын контингенті (мысалы, тәрбиесі мен дамуында ауытқулары бар білім алушылар) және т.б. [7].

Әрине, әрбір адамның тәжірибесі мен өмір сүру стиліне, дағдылары мен мінез-құлқына және қоршаған ортасымен қарым-қатынасына қатысты стресстің алдын алу немесе оны жеңудің қалыптасқан тәсілдері болады. Дегенмен де жиі әрі қисынсыз копинг-стратегиялар қоршаған әлеммен дұрыс қарым-қатынасқа түсуге елеулі нұқсан келтіреді. Ғылымда тұлғалық деформациялану деп аталатын агрессивтілік, эмоционалдық тұрақсыздық, депрессия, үрейленуге апарады. Копинг – адамның стреске қарсы іс-әрекет күресі. Копинг ағылшын тіліндегі «coping» сондай-ақ «to cope with» сөздерімен белгіленіп, стресспен күрес мағынасында қолданылады. Копингтің адамның ішкі және сыртқы кедергілерге қарсы күресетін когнитивтік, мінез-құлықтық, эмоционалдық элементтері болғанымен оның мүмкіндігі шектеулі [8].

А.А.Печеркина білім беру мекемесі қызметкерлерінің денсаулығына қамқорлық жасау мақсатында нақты бірнеше амал-тәсілдер ұсынған:

- салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін, яғни өзінің және өзгелердің денсаулығын сақтау туралы біліммен қарулану, өзін сырқат сезінген жағдайда жұмысқа келмеу, зиянды әдеттерден аулақ болу, денсаулық сақтауға ықпал ететін мотивацияларды кеңінен тәжірибеге енгізу және т.б.;

- мұғалімнің еңбек және жұмыс орнын ұйымдастыру және қорғауды оның денсаулығына қамқорлық жасаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру. Жұмыс орнындағы еңбек шарттарының орындалуы, жұмыс уақытын тиімді пайдалану және төмен сапалы компьютер, монитор т.б. қолданбау, жиһаздардың орынды қолданылуы т.б. сияқты санитарлық нормалардың толық сәйкестігі;

- педагогтарды психоэмоционалдық жағынан салмақ салудан аулақ ұстау. Өйткені педагогикалық қызметте өзі де психоэмоционалдық салмақ салатын стресстік жағдаяттар көптеп кездеседі. Осыған байланысты білім беру мекемесінің басшысына жұмыс ұжымында жайлы психологиялық климатты қалыптастыруға көңіл бөлу ұсынылады. Мұнда қызметкерлерге ғана емес, сондай-ақ олардың жақындарына қамқорлық жасау тәжірибесі қызықты болып табылатындығы айтылады. Яғни, тек мұғалім ғана емес, оның отбасы мүшелерінің де сау болуы психологиялық жағынан маңызды болып табылатындығын ескеру керек;

- қызметкерлерді сақтандыру. Қызметкерлерді сақтандыру - көптеген ұйымдар үшін кең таралған тәжірибе. Сақтандыру бағдарламаларының кешені медициналық сақтандыруды, өмірді сақтандыруды, жазатайым жағдайдан сақтандыру. Сондай-ақ, мысалы, қызметкердің еңбекке қабілетсіздігіне ақы төлеу кезінде туындайтын әлеуметтік қор бойынша жетіспейтін төлемдерді өтеу орынды болып табылады.

- емдеу-алдын алу шаралары. Негізгі емдеу-профилактикалық іс-шаралар диспансерлеу, қызметкерлерді амбулаториялық стационарлық және санаториялық-курорттық емдеу болып табылады. Диспансеризация денсаулық жағдайына медициналық бақылауды, ауруларды белсенді ерте анықтауды, еңбек пен тұрмыс жағдайларын зерттеу және т.б. [6, 187].

Педагогтердің кәсіби денсаулығын нығайту мақсатында білім беру мекемесі басшылықтарының, арнайы психолог мамандардың психологиялық қолдау көрсетуімен қатар әрбір педагог өзінің кәсіби денсаулығын өзін-өзі қолдау технологияларын пайдалану арқылы қолдап отыруы анағұрлым нәтижелірек болмақ.

Осы мақсатта педагогтер оқу-тәрбие процесінде түрлі стресстік жағдайлар тудыратын жағдаяттардың алдын алу болған жағдайда өзін-өзі тәрбиелеу, психологиялық қолдау әдіс-тәсілдерін тұрақты пайдалануды дағдыға айналдырулары қажет. Бұл педагогикалық мамандыққа дайындық барысында ескерілуі қажет шарт болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Печеркина А.А. Профессиональное здоровье учителя: проблемы и перспективы // Актуальные вопросы современной психологии материалы междунар. заоч. науч. конф. – Челябинск: Два комсомольца, 2011. – 142 с.

2. Пономаренко В.А. Психология жизни и труда летчика. Воениздат М., 1992. – 224.

3. Маклаков А.Г. Основы психологического обеспечения профессионального здоровья военнослужащих: Автореф. дисс. докт. психол. наук. – СПб, 1996. -

5. Митина Л.М. Психология личностно-профессионального развития субъектов образования. М.; СПб.: Нестор-История, 2014.- 41 с.

6. Сыманюк Э.Э. Печеркина А.А. Противодействие профессиональным деформациям// Народное образование. - № 9. 2010. – 265-269 с.

7. Шингаев С.М. Профессиональное здоровье педагогов. <https://sites.google.com/site/zdoroviepedagoga/3-sekcia/singaev>

8. <https://vladyal.ru/psihologicheskie-zashchity-i-koping-koping-strategii-chto-eto-v/>

ӘОЖ 159.922

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ДЕНГЕЙЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ДАМУ

Абдрахимова Айсулу Алпамысовна

abdrakhimova_aisulu@mail.ru

2 курс магистранты, 6М010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік университеті, Ақтөбе,
Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Жусупова Ж.А.

Қазіргі таңдағы білім беру жағдайында біліктілікті арттыру жүйесінің жаңа моделінің басты мақсаты- табиғи ортамен әлеуметтік жағдайларға